

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
20~~25~~ жылғы «13» 01
№~~24~~ бұйрығына 3 қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2023 жылғы «15» тамыздағы
№ 228н бұйрығына 15 қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ішкі аудит басқармасы туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ішкі аудит басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) дербес басқару құқығындағы құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Басқарма өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), қолданыстағы заңнама талаптарына және Министрліктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарманың құрылымы және штаттық саны Министрліктің аппарат басшысымен (немесе белгіленген тәртіппен Министрліктің аппарат басшысының міндеттері/өкілеттіктері жүктелген лауазымдық тұлғамен) бекітіледі.

4. Басқарма қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі осы Ереженің негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді, және ол Министрліктің аппарат басшысымен (немесе белгіленген тәртіппен Министрліктің аппарат басшысының міндеттері/өкілеттіктері жүктелген лауазымдық тұлғамен) бекітіледі.

2. Басқарманың мәртебесі

5. Басқарма Министрліктің құрылымдық бөлімшесі болып есептеледі, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, Министрге есеп береді және бағынады.

6. Басқарма ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуде және ішкі аудит нәтижелері туралы есептерді дайындауда тәуелсіз.

7. Басқарма Министрліктің басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ оның өкілеттіктеріне жатпайтын

бағдарламалар мен жобаларды дайындауға немесе орындауға тартыла алмайды.

8. Басқарма қызметкерлеріне, Басқарма мәртебесіне сәйкес қолданылуы мүмкін емес құжаттарды, Министрліктің Ережесін және ішкі мемлекеттік аудит туралы Ережені қоспағанда Министрліктің ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

9. Басқарма қызметін бағалауды ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

3. Басқарманың мақсаттары, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

10. Министрліктің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуде Министрге кеңес беру, мемлекеттік органмен тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Министрге ұсыну, тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджеттік қаражатын, активтерін басқаруды және пайдаланудың тиімділігін арттыру Басқарма қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

11. Басқарманың құзыреті Заңның 15-бабының аясында жүргізіледі.

12. Басқарманың міндеттері:

1) Министрліктің стратегиялық құжаттарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді талдау;

2) қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығын, Министрлік қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексеру.

13. Басқарманың функциялары:

1) Министрмен келісілген ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін, құрамына Басқарма кіретін қаржылық есептілік аудитін жүргізуге қатысады;

2) Министрлікте, оның ведомстволарында (бар болған жағдайда), аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарында олардың қызметінің барлық бағыттары бойынша тиімділік аудитін жүргізеді;

3) Министрлікте, оның ведомстволарында (бар болған жағдайда), аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарында олардың қызметінің барлық бағыттары бойынша сәйкестік аудитін жүргізеді;

4) мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерінің және шарт талаптарын орындаудың, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімдері, көлемі, бағасы, саны мен сапасы бойынша сәйкестік аудитін жүргізеді;

5) Министрлікте, оның ведомстволарында (бар болған жағдайда), аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарында мемлекеттік органның ішкі процестерінің (бизнес- процестерінің)

тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде ішкі бақылау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін бағалауды жүзеге асырады;

6) бюджеттік шығыстармен өзара байланыста, оның ішінде нысаналы даму трансферттерін іске асыруды қоса алғанда, бюджеттік инвестициялар шеңберінде Министрліктің стратегиялық жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді талдайды;

7) Министрлікте тауарлық-материалдық қорлардың және өзге де активтердің сақталуына тексеруді жүзеге асырады;

8) республикалық және коммуналдық активтер мен мүліктердің сақталуына тексеріс жүргізеді;

9) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларының тиісті ақпаратын тыңдайды;

10) Министрге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджет қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтардың жолын кесу, оларға жол бермеу жөніндегі, анықталған кемшіліктерді жою, Министрліктің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдармен ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы есеп береді;

11) Министр үшін жылдық жұмыс жоспарларының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

12) жүргізілген мемлекеттік аудит және қабылданған шаралар туралы есептер мен ақпаратты ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға жолдайды;

13) Министрдің, сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның алдында жыл сайын атқарылған жұмыс туралы ақпарат (мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін орындау туралы ақпарат) береді.

Егер тиісті объектілер Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының, тексеру комиссияларының және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енгізілмесе, Министрдің тапсырмасы бойынша Басқармамен жоспардан тыс мемлекеттік аудит жүргізіледі.

14. Басқарманың құқықтары:

1) құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, ведомстволық ақпараттық жүйелер деректерінің құрамы мен форматтары туралы мәліметтерді, құжаттаманы, ақпаратты, материалдарды (дәлелдемелерді), анықтамаларды, мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыруға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұрату;

2) мемлекеттік аудит жүргізу шеңберінде құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге рұқсат алу;

3) мемлекеттік аудиттің міндеттері мен нысанасына сәйкес ішкі аудит нәтижелері туралы есепті дайындау үшін құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, ақпаратты, оның ішінде электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты, сондай-ақ ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті, жазбаша және ауызша түсініктемелерді және құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын өзге де ақпаратты белгіленген мерзімдерде сұрату және алу;

4) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарымен жүргізілген мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша қабылданған актілер мен құжаттарды сұрату;

5) өз құзыреті шегінде мемлекеттік аудит объектілерінің басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру және мемлекеттік аудит жүргізу кезінде анықталған бұзушылық фактілері бойынша жазбаша түсініктемелерді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен куәландырылған құжаттардың қажетті көшірмелерін ұсынуды талап ету;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтары бар.

15. Басқарманың міндеттері:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес мемлекеттік аудитті жүргізеді;

2) Басқарманың жылдық жұмыс жоспарын әзірлейді, Министрге бекітуге ұсынады және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

3) тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде Министрмен бекітілетін тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастырады;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, бекітілген тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін және оған енгізілген өзгерістерді олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады;

5) тексерулердің қайталануын болдырмау мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін және оған енгізілген өзгерістерді келісуге жолдайды;

6) жүйелі негізде Басқармамен берілген ұсынымдардың міндетті түрде орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

7) мемлекеттік аудит объектілері лауазымды тұлғаларының мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде сұралатын құжаттар мен материалдарды ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау фактілері бойынша актілер жасайды;

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік аудит объектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтайды;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын бірыңғай дерекқорда орналастырады;
- 10) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды тұлғаларының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелермен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға жібереді;
- 11) мемлекеттік аудит объектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындайды;
- 13) қызметтік және кәсіби әдеп талаптарын сақтайды;
- 14) мемлекеттік аудит объектісінің басшысына (лауазымды тұлғаларына) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде қатысуға, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нысанасына жататын мәселелер бойынша түсініктемелер беруге кедергі келтірмейді;
- 15) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді, оның ішінде мемлекеттік құпияларға, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияға жататын мәліметтерді жария етпейді;
- 16) Министрге мүдделер жанжалына ықпал ететін жағдайлар туралы хабарлайды;
- 17) мемлекеттік аудит нәтижелерін тек қана мемлекеттік аудит барысында алынған және жиналған ақпарат пен нақты деректермен негіздейді;
- 18) Әділет министрі басқаратын Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңеспен өзара іс-қимыл жасайды, оның ұсынымдарының іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттер.
16. Басқарма өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.
17. Мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың негізгі қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін Басқарма қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауаптылықта болады.

4. ІАҚ қызметін ұйымдастыру

18. Басқармамен басшылықты Министрлік аппаратының басшысымен (немесе белгіленген тәртіппен Министрліктің аппарат басшысының

міндеттері/өкілеттіктері жүктелген лауазымдық тұлғамен) тағайындалатын және лауазымнан босатылатын Басқарма басшысы жүзеге асырады.

19. Басқарма басшысы Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді және функцияларды, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы функцияны жүзеге асырады, Басқарма қызметкерлерінің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды, Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңестің құрамына қатысады.

20. Басқарма басшысы Министрліктің аппарат басшысының (немесе белгіленген тәртіппен Министрліктің аппарат басшысының міндеттері/өкілеттіктері жүктелген лауазымдық тұлғамен) келісімі бойынша Министрге Басқарма құрылымы және штаттық кестесі жөнінде ұсыныстар береді.

21. Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Басқарманың атынан Министрліктің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, аумақтық әділет органдарына және ведомстволық бағынысты ұйымдарына жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға Басқарма басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оны алмастыратын адам қол қояды.

22. Басқарма қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті өткеру шарттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

23. Басқарманың қызметі оларға жүктелген міндеттер мен өкілеттіктерді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Әділет министрімен бекітілетін Басқарманың жылдық жұмыс жоспары және тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Басқарманың есептілігі

24. Басқарма жүргізілген мемлекеттік аудит және қабылданған шаралар туралы есептер мен ақпаратты ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға жолдайды.

25. Басқарма жыл сайын Министрге, сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша жылдық есепті ұсынады.

«КЕЛІСІЛДІ»

Ішкі аудит басқармасының

басшысы

 3. Қабылдинова

2024 жыл «__» _____